10-11-сыныпта оқу процесі «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы» және «ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген Ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) негізінде оқытылған.

2023-2024 оқу жылы бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің

2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары білім класта толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар білім класта толтырылған.

-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы мектеп директорының 2021 жылдың 27 тамыздағы № 52-н/қ бұйрығы, 2022-2023 оқу жылында мектеп директорының 2022 жылдың 26 тамыздағы № 54/4 -н/қ бұйрығы, 2023– 2024 оқу жылында мектеп директорының 2023 жылдың 05 қыркүйек № 72/7 -н/қ бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылған.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі «Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын» бекіту туралы №294 бұйрығымен бекітілген Ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланды.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. *aktasty.a* инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Даналық» мектебі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыру мақсатында «Қамқор» әкелер мектебі, «Тұмар» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Серілер»

ер балалар клубы, «Инабат» қыз балалар клубы, «Жас сарбаз, мерген» патриоттық клубы, рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты «Наркобекет» тобы құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2021 жылдың 28 қыркүйек күні, 2022 жылдың 22 қыркүйек күні мектеп парламентінің сайлауы болып мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, 2021-2022 оқу жылында -56, 2022-2023 оқу жылында - 50 , 2023-2024 оқу жылында – 44 білім алушылар «Жас Ұлан» қатарында. Мектепте балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2021-2022 оқу жылы аға тәлімгер Жалғасбаев Болат Кадирғалиұлы тағайындалды. 2023-2024 оқу жылының қаңтар айынан Ақділда Сандұғаш Сабитқызы тағайындалды. «Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграм желісіне жарияланған. 2022-2023 оқу жылында 10-сынып білім алушысы Айтмағанбетов Мұрат Айсұлтанұлы аудандық «Үздік Ұланбасы» байқауында шығармашылық деңгейін жоғары дәрежеде көрсетіп 1-орынға ие болды. 2022-2023 оқу жылында 9-сынып білім алушысы Болатқызы Дана «Үздік көшбасшы-2022» байқауында 3-орын иеленді. Жетекшісі аға тәлімгер Жалғасбаев Болат. Жас Ұлан ұйымының апталық, айлық , жылдық жоспарлары, 9 бағытқа арналған папкалар, ұсыныс дәптерлері бар. 2021-2022 оқу жылында кеңес жеті бағыт бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп , «Адал ұрпақ» еріктілер клубы ұйымымен ынтымақтастықта жұмыс жасаған. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының туы, стендісі, Гимні бар.

"Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Жылдар	Жас қыран	Жас Ұлан
2021-2022 оқу жылы	31	56
2022-2023 оқу жылы	29	50
2023-2024 оқу жылы	27	44

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі бойынша 1- әлеуметтік педагог, 1- педагог-психолог қызмет атқарады. Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым -қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты, білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі мектептің төменгі бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған.

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты бойынша 2021-2022 оқу жылында Отбасы саны 37 болған. Көпбалалы отбасы - 10, балалары -29, толық емес отбасы саны -7, балалары – 12, әкесі қайтыс болған – 4 , анасы қайтыс болған – 0, ажырасқаны – 8, аз қамтылған отбасы – 0, білім алушы - 5 , атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 2, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 0, өгей әкемен бірге тұратын – 1 білім алушы, отбасы – 1 , ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 0, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, 2021-2022 оқу жылдары бойынша кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде, мектепшілік есепте тұрғандар -0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0. 2022-2023 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 12, толық емес отбасы саны -7, әкесі қайтыс болған – 1, анасы қайтыс болған – 0, аз қамтылған отбасы – 0, атаулы әлеуметтік көмек

алатын отбасы – 1, жетім және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 0, өгей әкемен бірге тұратын – 0 білім алушы, өгей анамен бірге тұратын 0 білім алушы, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 0, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар - 0, мектепішілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0. 2023-2024 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 12, толық емес отбасы саны -8, толық отбасы-15, жетім бала-0, арнайы санаттағы білім алушы-0, мүгедек бала-0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-0, мектепішілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0. Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата- анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, ерекші білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған.

2021-2022 оқу жылының басында «Мектепке жол» республикалық акциясының аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының балаларына (3 білім алушы) 50000 мың теңге көлемінде мектеп формасы, оқу құралдарымен, атаулы көмек алатын отбасынан 3 білім алушы жалпыға білім беру қоры есебінен 92400 теңгеге мектеп формасы және оқу құралдарымен қамтамасыз етілген. 2022-2023 оқу жылында тамыз айында «Шекарасыз - мектепке жол» ұранымен «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық аясында 2 білім алушыға демеушілер тарапынан 60000 теңгеге материалдық (мектеп формасы, спорттық костюмдер, аяқ киімдер, оқу - құралдары) көмек көрсетілген. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы негізінде ата – аналардан өтініш қабылданып, 5 білім алушыға «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында материалдық көмек көрсетуге 186945 теңге көлемінде бюджет қаражаты бөлінген. 2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» республикалық акциясының аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының балаларына (2 білім алушы) 57000 мың теңге көлемінде мектеп формасы, оқу құралдарымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы негізінде ата – аналардан өтініш қабылданып, 3 білім алушыға «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында материалдық көмек көрсетуге 122265 теңге көлемінде бюджет қаражаты бөлінген.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепішілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепішілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2021– 2022 оқу жылы бойынша сынып жинағы-10 , 2022-2023 оқу жылы бойынша -10 сынып жетекші, 2023-2024 оқу жылы бойынша -9 сынып жетекші тағайындалған. 2021 жылдың 2 қыркүйегінде мектеп директорының №45 н/к бұйрығына сәйкес сыныптардағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін 10 сынып жетекшілер тағайындалған. 2022 жылдың 2 қыркүйектегі мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 59/11-н/к бұйрығы негізінде класс жетекшілер 10, 2022 жылдың 5 қыркүйектегі мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» №53(б)-н/к бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Койшеева Анар Оразғалиевна тағайындалған. 2023 жылдың 7 қыркүйектегі мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 61 н/к бұйрығы негізінде класс жетекшілер 9, 2023 жылдың 1 қыркүйектегі мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» № 72 н/к бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Асылбекқызы Тұмар тағайындалған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2021-2022 оқу жылы	10	3	7
2022-2023 оқу жылы	10	3	7

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары, I, II санатты	педагог
2021-2022	2	2				6
2022-2023	2	2				6
2023-2024	1	2				6

білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметін әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2021-2022, 2022 – 2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы, құзыретті жеке тұлға, рухы биік патриот тәрбиелеу». «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізге 8 бағыты бойынша жүзеге асырылған.

2023-2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» ұлттық құндылықтарға негізделген «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Жоспар мектептің қоғамдық беделін көтеруге, қазіргі заманғы тәжірибе және отандық дәстүр негізіндегі тәрбие құрылымы мен мазмұнын жаңартуға, тәрбие және оқу процесіндегі үйлесімділікті қолдануға, қоғамдық және отбасылық тәрбиеге бағытталған.

2021-2022 оқу жылында 10 сынып жұмыс жасады. 10 сынып жиынтығында барлығы 75 оқушы білім алады. Сынып жетекшілерінің жеке қабілеттеріне қарай сегіз бағытты бөліп жоспарлау, жылына 34- сағат. Аптасына бір рет өткізілетін тәрбие сағаттары белгілі бір бағытқа ал, апталықтар белгілі бір күнге мемлекеттік мерекелерге арналды. Сондай-ақ мектептен тыс мекемелер істеріне қатысу мен рейдтер, байқаулар, жарыстар өткізу болды. 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары бойынша өтілген іс-шаралар: 1қыркүйек білім күніне арналған «Кел балалар оқылық» салтанатты жиын өтіп, 1-ші сыныпқа әліппе оқулығы салтанатты түрде табысталды. Басқа сыныптарда білім күніне арналған тәрбие сағаттары өтті. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы ұйымдастырылып, мектеп психолгі мен әлеуметтік педагогі оқушылардан сауалнама алып ата-аналарымен байланыс жасап мектепшілік және Пб-де есепте тұрған оқушылар тізімін анықтады. Отбасылық тәрбие бағыты бойынша бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру, «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында мектепте «Шаңырақ» ата-аналар, «Қамқор» әкелер, «Тұмар» аналар, «Серілер» ұлдар, «Инабат» қыздар клубтары құрылды. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 5 қыркүйек тілдер мерекесіне орай аудандық іс-шара жоспары бойынша «Тәуелсіздік- мемлекеттік тіл тірегі» атты апталық ұйымдастырылды. «Тілім барда айтылар сөз ойдағы» тақырыбында әдеби сазды кеш өтті. Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбие бағыты бойынша «Отбасы» күніне орай дене шынықтыру пәні мұғалімі Т.Сұлтаннның ұйымдастыруымен оқушы отбасымен бірге спорттық сайыс өтті. Сайысқа: 7 кл Молдағалиевтер, 7кл Құлдықовтар, 11кл Тойшылықовтар отбасы қатысып белсенділік танытты. Патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша құқық қорғау органымен бірлесіп «Кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылықтың алдын-алу» жоспары және мектепшілік мобильді топ комиссиясы құрылды. Сонымен қатар «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу» мақсатында «Тәртіп сақшылар» тобы құрылды. Мектеп инспекторы дене шынықтыру пәні мұғалімі Т.А.Сұлтан тағайындалды. Әйтеке би аудандық білім бөлімі Әйтеке би ауданының прокуратурасының 2021 жыл 23-қыркүйек №2-0302-21-00898 хаты негізінде, білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстарды анықтау, жолын кесу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтардың алдын алу мақсатында «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында тәрбие сағаттары және психологиялық тренингтер, медбикемен кездесіп қыз балаларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында 1 қазан - Қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты ауыл қарттарына меркелік кеш ұсынылды. Кешке ауыл қарттары, ардагер ұстаздар қонақ

болып, ауыл әкімі құттықтау тілегін білдірді. 5-қазан ұстаздар күніне арналған 1-11 сыныптар арасында «Ұстазыма мың алғыс» челленджі ұйымдастырылып, мектептің әлеуметтік желіге жүктелді. Сонымен қатар «Өнегелі бір-сағат» жобасы бойынша оқушылар «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы бойынша «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?» атты медицина қызметкерімен кездесу өтті. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы №2-5060 хаты негізінде 10-қазанда оқушылар мен мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиеленушілері арасында өрт қауіпсіздігі, балалардың жарақаттануының алдын алу жұмыстарын оқыту және тиімділігін арттыру мақсатында санитарлық эпидемиологиялық нормаларды қатаң сақтай отырып, «Өрт кезіндегі қызметкерлердің іс-әрекеті» тақырыбында практикалық оқу- жаттығу өткізілді. Еңбек экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша мектепшілік 1-11 кл аралығында «Аяулы алтын күз» сайысы өтті. Күз мерекесіне орай оқушыларды кәсіпке баулу мақсатында «Күз береке, күз молшылық» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында күзгі жәрмеңке өтті. Жәрмеңкеде оқушылар өз колдарымен әр түрлі өнімдер пісіріп сатты. «Серілер» ұлдар клубының жетекшісі А.Шөлекенов ер балалармен «Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жиналыс өткізіп, клубтың жұмыс жоспарымен таныстырды. Жиналыста мектеп психологы С.Ергалиева оқушылармен тренинг өткізді.

2022-2023 оқу жылының басталуына арналған 1 қыркүйек Білім күнін және «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізу тұжырымдамасына сәйкес Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша 1-қыркүйек білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты салтанатты жиыны және барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өтті. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адал өмір сүру абзал қасиет» тақырыбында адалдық тәрбие сағаттары өтті және «Адалдық дүкені» ұйымдастырылды. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 1-қазан қарттар күніне Бастауыш буын оқушыларына «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатының қонағы ретінде аулымыздың қазыналы қарттары Рамазан ата мен Ырысты әже қатысты. 5-8 сынып оқушылары «Қарттарға қайырымды іс» акциясы аясында қарттарымызға көмек қолын созды. 9-11 сынып оқушылары ауылымыздың қазыналы қарттарын мерекесімен құттықтап, баталарын алып қайтты. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу- әдістемелік орталығы мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында мектепте 3-ші қазанда «Дублер күні» өткізіліп, «Ұстазым ұлағатым- үлгі өнегем» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мектебімізде қарттарға мерекелік дастарқан дайындалып, ауыл әкімі Убадуллин Д.Т қарттарды мерекесімен құттықтап, сыйлықтарын тарту етті. Мектеп оқушылары «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында мерекелік концерт ұсынды. Әйтеке би аудандық білім бөлімі 2022 жылғы 12 қазан №1842 хаты негізінде 25-қазан Қазақстан Республикасы күніне арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. «Таза табиғат» экологиялық акция аясында 5-8 сынып оқушылары мектеп айналасына тазалық жасады. «Патриотизм дауысы» Мемлекеттік гимнді жаппай орындады. 1-5 сыныптар арасында «Тәуелсіздік- елімнің еркін жолы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. 8-11 сыныптар арасында ұйымдастыруымен «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе байқауы өтті. 8-10 сыныптар арасында дебат клуб жетекшісі Төлеген Г. «Тұғыры биік Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында дебат өтті. «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан» тақырыбында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өтілді. 8-11 сыныптарда «Қазақстан - достық мекені» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. 1-5 сыныптарды тәлімгер А.Жарасованың ұйымдастыруымен «Қазақстаным- кең байтақ жерім» тақырыбында сурет көрмесі өтті. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша 14-25 қараша аралығында «Құқықбұзушылықтың алдын алу- басты міндет» құқықтық он күндігі өтті. Ұлдар клубы жетекшісі А.Шөлекенов «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесі жөнінде тәрбие сағаттары өтті. Қыздар клубының жетекшісі Әмітжан Маликаның ұйымдастыруымен «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» тақырыбында қыздарға танымдық сабақ өткізді. Театр жетекшісі Т.Асылбекқызы «Құқықбұзушылыққа жол жоқ» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары қойылым көрсетті. АӘД пәні мұғалімі F.Сутемгенов 10,11 сынып оқушыларына «Құқықтық тәрбие, құқықтық жігер тақырыбында сайыс өткізді. Апта аяғында ДТДЖО 9-11 сынып оқушыларына «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында сайыс ұйымдастырды. «Қатігездік пен зорлық зомбылықсыз

балалық шақ» ақпараттық науқаны өтті. Науқан барысында 5-11 кл оқушылары «Құқығым бар» тақырыбында эссе жазды. «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында 9-11 оқушыларымен және ата-аналарымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. балалардың құқықтарын қорғау, оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзекті тақырыптарға тәрбие сағаттары өтті. Оқушылардың беймезгіл жүруін қадағалау мақсатында түнгі рейд жүргізілді. Кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесі отырыс жоспары аясында «Инабат» қыздар клубының жетекшісі М.Әмитжан «Иманды болу парызың» тақырыбында қыз балаларға дөңгелек үстел өткізді. Ақтөбе облысының білім басқармасының 8 желтоқсан 2022 жылғы №2/5301 шығыс хаты негізінде 16 желтоқсан- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбында жоспар құрылып, мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Жоспар кітапханашы В.Сутемгенова «Тәуелсіздік-елімнің еркін жолы» тақырыбында кітап көрмесін ұсынды. Бастауыш сынып оқушылары акын, жазушылардың тәуелсіздік жолында жазған кітаптарымен, еңбектерімен танысты. Сонымен қатар 8-9 сынып оқушыларына кітапханада «Тәуелсіздік-елімнің шам шырағы» атты конференция ұйымдастырды. «Тәуелсіз елдің ұрпақтары», «Жасұлан» бірыңғай жасөспірімдер ұйымына оқушылар қабылдау салтанатты жиыны өтті. 2-сынып оқушыларына «Жасұлан» ұйымының белсенділері галстук, төсбелгілерін тақты. 5-сынып оқушыларына мектебіміздің түлектері галстук, төсбелгілерін тақты. Тарих пәні мұғалімі М. Ибрагимова «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында 9-11 сыныптарға дөңгелек үстел өткізді. Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2023 жыл 11 қаңтар №28 хаты аясында Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінде жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында «Электр қауіпсіздігі» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

«Отбасы – мектеп» жобасы бойынша ата-анамен жұмыс жүргізудің ең қолайлы түрі ата-аналар жиналысы. Сондықтанда ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының басты баспалдақтарының бірі – оқу жылында өткізілетін жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болып табылады. Биылғы оқу жылында мектепшілік ата-аналар жиналысы қыркүйек айында 1 рет болды. Мектепшілік ата-аналар жиналысында барлық ата-анаға тән мәселелер қаралды, яғни ҰБТ, оқушылардың құқықтары мен міндеттері, қыс мезгіліндегі балалардың өмір қауіпсіздігі, ата-аналарға арналған мектепшілік ереже, жөндеу, демалыс, жазғы демалыс, мектеп бітіру кеші және соңғы жылдары өте жиі белең алып жатқан проблемалардың бірі – суицид мәселесі туралы және мектепте ата-аналар кеңесінің құрамын сайлау туралы. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Алимбаева Мөлдір. Мүшелері: Балтабаева Назгүл, Жұмабекова Мөлдір. Ата-аналар мектепте ұйымдастырылған барлық мерекелік іс-шараларға қатысып, белсенділік танытып отырады. Мектепте жалпы ата-аналар комитетінің жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, жалпы ата-аналар жиналысы тоқсан сайын өткізіледі. Мектепшілік ата-аналар жиналысында «Бала тәрбиесі - баршаның ісі», «Мектеппен ата-аналар байланысы неге аз?», «Тәртіптің ең тамаша мектебі», «Әкеден – ақыл, анадан- мейір» атты баяндамалар оқылып, әр ата-ана өз ойларын ортаға салды. Ата-аналардың қатысуымен «Менің жанұям – менің қорғаным», «Әкеге қарап ұл өсер!», «Толағай» отбасылық сайысы, «Әкем, шешем және мен» дәстүрлі эстафетасы т.б. сайыстар жүргізу жұмысы назардан тыс қалған емес. Ұлттық өнерді, ұлттық нақышты жасөспірімдердің бойына сіңіруде ата-ананың қосатын үлесі зор. Бастауыш ӘБ ұйымдастыруымен «Ең үздік – отбасы» байқауы өтті. Байқауға төрт отбасы қатысты. МАД Құлдықовтар, 1 кл Серікұлы, 2 кл Тойшылықовтар, 3 кл Алматовтар, 4 кл Білшан отбасылары қатысты. «Өнерім саған, Тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында мерекелік концерт өтті. 2022 жылғы 1-11 ақпан аралығында өткізілген «Өзін-өзі тану: Сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» онкүндік аясында «Баланы адам қылып өсіру» тақырыбында ата-аналармен, балалары арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы бойынша парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Аға тәлімгер Б.Жалғасбаев «Тәуелсіз елдің ұрпақтары» атты көшбасшы балалармен кездесу өткізді және «Қазақстан менің Отаным» тақырыбында бастауыш сыныптарға сурет байқауын ұйымдастырды. Нәтижесінде 1 кл оқушысы Құлдықова Кәусар Іорын, 3 кл оқушысы Марат Нұрқанат Зорын, 4 кл оқушысы Ғабит Меруерт Зорын иеленді. Тәлімгер Б.Жалғасбаев «Өрт тілсіз жау» атты суреттер байқауын ұйымдастырды. Шараға 1-10 сынып оқушылары аралығында қатысты. Бастауыш сынып А4 форматта сурет салса, жоғары сынып плакаттар салды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Мен елімнің патриотымын», «Таза мектеп- таза сынып» акциясы, "Жеңіс туы желбіресін!" атты челлендж, қарттар мерекесіне орай ата-әжелерді мерекемен құттықтап, ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта!» челленджі, «Біз біргеміз» атты «Дармарка» акциясы, қоғамдық сенім атмосферасын қалыптастыру және оқушыларға өздерін адал адам ретінде тануға мүмкіндік

беру мақсатында «Адалдық дүкені» ұйымдастырылды. Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаз-Ұлы тұлға» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, асқақтаған ән, күмбірліген күй, мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген. Мектеп алды даярлық топтары мен бастауыш сынып білім алушыларына арналған «Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!» атты жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырып, Алғыс айту күні қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында аудан мектептері арасында ұйымдастырылған «Алтын жүрек» чөлденжіне қатысқан. 5-8 сынып оқушылары «Қоқыссыз әлем» акциясы аясында аулымыздың ойын алаңына, мәдениет үйі және мектеп айналасына тазалық жұмыстарын жасады.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу бірлескен жұмыстар жоспары құрылды. Тоқсан сайын құқықбұзушылықтың алдын алу кеңес мүшелерінің отырысы болды. 2021-2022 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндіктері, «Балам бол, басқа бол бәріңе заң ортақ», «Құқықбұзушылыққа жол жоқ», «Жасөспірімді бұзатын жат қылықтар», «Қазақстанның болашағы есірткісіз», «Тәртіп және мен» бірыңғай сынып сағаттарымен сыныптан тыс шаралар өткізілді және аудандық ПБ-тың бірінші орынбасары, полиция майоры М.Т. Әкентай, аудандық ПБ ЖПБк КІТЖ УПИ полиция капитаны Ж.Түлегенов, УПИ полиция аға лейтенанты Н.Н.Сарсенбаевтың қатысуымен 9-11 сынып білім алушыларына құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша және нашакорлықтың алдын алу, сонымен қатар кәсіптік бағдар бағыты негізінде БП жоғары оқуға түсу мәселесінде кездесу өткізілді. 2022-2023 оқу жылында «Қылмыссыз балалық шақ» дөңгелек үстел, «Бала құқығы- адам құқығы» тәрбиелік шара, «Құқықбұзушылыққа жол жоқ» бірыңғай тәрбие сағаттары, «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» дөңгелек үстел, «Интернет желісіндегі қауіпсіздік» апталығы өтті. Ата-аналар жиналысында «Құқықтық тәрбие және құқықтық жігер» тақырыбында баяндама оқылды. 2023-2024 оқу жылында Ақтасты ауыл учаскелік полициясы Сарсенбаев Нұрлыбек Назарұлы «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру қауіпсіздік ережелеріне байланысты түсіндірме жұмысын жүргізді. Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау, дұрыс қарым-қатынас орната білуге, адал еңбекті құрметтеуге, сөзіне берік, ісіне адал болуға, халқына адал қызмет етуге «Бес нәрсеге асық бол...» құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-сыныпта «Құқық бұзушылыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты, Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, дұрыс қарым-қатынас орната білуге, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбында дөңгелек үстел, Дүниежүзілік темекі шегуден бас тарту күніне орай салауатты өмір салтын сақтау мақсатында «Біз темекі шегуге қарсымыз» атты акция өтілді. 9-11 сыныптарда «Нашакорлық қоғам дерті!» және «Есірткісіз және ЖҚТБ-сыз әлем» тақырыбында дөңгелек үстел, «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында тәрбие сағаты, "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында дөңгелек үстел өтілді.

«Дәстүр мен гұрып» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру мақсатында «Қамкор» әкелер, «Тұмар» аналар мектебі құрылды. «Отбасы бақыт мекені» ата-аналармен тренинг, «Даламды күймен тербедім» домбырашылар челленджі, «Тату үйдің тамағы тәтті» видеоролик жарысы, «Сырласайық сырғалым» жемге мен қайынсіңілі сайысы, «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» ұлттық киімдер шеруі, «Шеберлер қаласы: ата-бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз», «Ұлы ұлттың баласы, ұлықта» ұлттық домбыра күні шаралары ұйымдастырылды.

«Еңбек – елдің мұраты»-жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023, оқу жылдары кәсіптік білім беру мақсатында «Мамандықтар әлемін ашамыз», «Мұндай да мамандық бар», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Мамандығым - мақтанышым», «Мамандық таңдау - маңызды іс» тақырыптарында кәсіби бағдар берілді.

«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Үнем – қоғам қуаты» жобалары бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары «Табиғат тамашалары», «Эко-квест» қалдықтарды бөлек жинау акциясы, «Мен қызығатын әлем» фото коллаж, «Сақ болсаң, сау боласың!» видео роликтер, "Таза табиғат" экологиялық акциясы, «Құстарға ұя жасау» акциясы, «Жасыл мекен» челленджі, «Күз ханзадасы мен ханшайымы» сайысы, тақырыптарында экологиялық білім беру

сағаттары сынып сабақтары өткізілген.

«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары мектебімізде еріктілер тобы құрылған. Мектеп парламенті мен еріктілер тобы қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып, білім алатын білім алушыларға көмек берілген. «Бала жылы» жоспарына сай әлеуметтік қолдауды қажет ететін 7 білім алушыға мектеп ұстаздары оқу құралдар алып берді. «Мейірімділік - асыл қасиет», «Сүйіспеншілік- тіршіліктің негізгі тірегі», «Мейірімді бала» тақырыптарында сүйіспеншілік, мейірімділік сабақтары өткізілген.

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс-шаралар өткізілді. 2023-2024 оқу жылының басталуына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» кешенді жоспар аясында 1-қыркүйек Білім күніне арналған «Мектебім- мейірім мекенім» атты салтанатты жиын өтті. Ұлттық мәдениетті дәріптеу, білуге, жаңаны тануға құштар болу мақсатында «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» тақырыптарында бірыңғай сынып сағаттары өтті. «Тіліміздің теңдігі – ұлтымыздың елдігі» ҚР Тіл Заңының орындалуына байланысты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері 5-қазан тіл мерекесіне арналған әдеби монтажды мерекелік салтанатты шара ұйымдастырды. 1-қазан Халықаралық қарттар күнін мерекелеуге арналған аудандық іс-шара жоспарына сай 2 қазан күні 3-сыныпта «Қарттарым- асыл қазынам» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Ұстаздар күніне орай адал еңбекті құрметтеу, халқына адал қызмет ету, білуге, жаңаны тануға құштар болу, мектептегі өзін-өзі ұйымдастыру жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту мақсатында білім алушылардың өзін-өзі басқаруы «Дублер күні» өтті. Сонымен қатар Ұстаздар күніне арналған «ҚЫЗЫҚ TIMES» бағдарламасы форматында мерекелік кеш өтті. 25-қазан Республика күніне орай «Ұлы дала перзентімін» атты салтанатты мерекелік шара өтті. «Қыран елім- Қазақстаным» патриоттық акциясы аясында әнұран шырқалды. 9-10 сыныптарды «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Қазақстан –біртұтас жер, біртұтас болашақ» тақырыбында 2-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өтті. Бастауыш сынып бойынша «Көк тудың желбірегені» тақырыбында сурет көрмесі өтті.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында "Алғырлар" дебат клубы құрылды. Жетекшісі Төлеген Г. Дебат клубы құрамында 15 білім алушы бар. 7-11 сынып оқушыларынан құралған. Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2021-2022 оқу жылында "Алғырлар" дебат клубының мүшелерімен БП жоғары білімі жоқ бизнесмендердің жетістік тарихын кең насихаттауға қарсы. Дебат ойыны «Зияткер» және «Көшбасшы» ойыншылары арасында өтті. "БП: «Әлемде мейірімділік бар ма?», «Жоғары білімі жоқ бизнесмендердің жетістік тарихын кең насихаттауға қарсы". 2022-2023 оқу жылында БП: «Құқықтық білімнің маңызы зор», «Кітап оқыған жақсы ма, әлде кино көрген дұрыс па?». 2023-2024 оқу жылында БП «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі деп есептейді», БП «Ғаламтордың пайдасынан зияны көп деп есептейді», БП: «Қазіргі заманғы бағалау жүйесі БЖБ және ТЖБ-ны қолдайды», «Буллинг: Қатігездік қайдан, қауіп неден?» тақырыптарында мектепшілік дебат ойындары өткізілген. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспары бойынша Әйтеке би ауданы білім бөлімінің 2023жылғы 19 қазан күнгі №05-20/1838 хаты негізінде «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында 23қазан күні мектебіміздің «Алғырлар» дебат клубы «Буллинг: Қатігездік қайдан, қауіп неден?» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында мектепшілік дебат-пікірталас ойыны өткізілді.

«Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында «Қарақат» үйірмесі құрылып, барлығы 34 сағатқа жұмыс жоспары құрылған. Үйірме жұмысында өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды оқыту және ілгері дамыту жүргізілген. «Балалар және театр» жобасы бойынша ақпараттық бұрыш жабдықталған. Театр үйірмесінің жетекшісі 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында Асылбекқызы Тұмар жетекшілік міндетін атқарды. 2023-2024 оқу жылы бойынша Жарасова Ақмарал жетекшілік етті. Мектебіміздің «Қарақат» театр клубы жетекшісі Т.Асылбекқызы ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік -балалар мұраты» атты тарихи сахналық қойылым өтті. Сахналық қойылымға 5-11 сынып оқушылары белсене қатысты. 8-10сынып оқушыларымен «Алиханның арманы» тақырыбында сахналық кеш өткізді. 2021-2022, 2022-2023. 2023-2024 оқу жылы бойынша жетістіктер: «Ертегілер еліне саяхат» облыстық байқаудың аудандық кезеңінде «Үздік қойылым» номинациясы бойынша 3-орын иегерлері: Сағымбай Б, Алмат А, «Үздік ертегіші» номинациясы бойынша 2-орын иегері: Алихан А, Құлдықова К. «Қарақат» театр клубы мүшелері «Мен оқыған

ертегі», «Түлкі мен қасқыр», «Көбелектер», «Жолбарыс пен түлкі» ертегілерін сахналады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, букросинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. 2021-2022 оқу жылы бойынша Алғыс айту күніне орай дәстүрлі «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, кітапхана қоры балалар әдебиеті кітаптары, әлем әдебиеті шығармаларымен толықтырылды. Барлық сыныптарда «Сен оқитын кітаптар» бұрышы жабдықталып, үзіліс кезінде кітап оқу сағаттары ұйымдастырылған. «Оқуға құштар мектеп» жобасының бойынша мектепшілік «Үздік оқырман» номинациясы, «Үздік сынып» арнайы ауыспалы кубокпен марапатталып отырады. Кітапхана инстаграм желісінде «Ертегілер елінде» айдары жүргізіліп, «Бірге оқимыз, бірге талқылаймыз» оқу марафоны ұйымдастырылған. 2021-2022 оқу жылында мектеп кітапханашысы В.Сутемгенова Өзін-өзі тану бағдарламасының авторы С.Алпысқызының қызметі туралы көрме ұйымдастырды. «Алтын жүрек анамыз» тақырыбында 6-11 сыныптарға мәнерлеп оқу сайысы өтті. «Оқитын отбасы» тақырыбында бейнероликтер, «Сүйікті кітабым», «Мен оқыған кітаптар» атты акциялары өткізілген. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай жоспар бойынша «Кітап көрмесі» ұйымдастырылды. 2022-2023 оқу жылында «Кітап оқып, биікке самға!» мектепшілік кітап оқу байқауы жыл бойы өткізіліп, үздік оқырман білім алушылар төс белгісімен, үздік оқырман класс, үздік оқырман ата-аналар Алғыс хаттармен марапатталған. «Бір кітаптың ізімен» оқылған кітап мазмұны бойынша білім алушылар сахналық қойылымдар қойды. «Кітап сүйер оқырман» аудандық байқауында 8-сынып оқушысы Болатқызы Дана ынталандыру мадақтамасын алды. 2023-2024 оқу жылында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір отбасы-бір кітап» тақырыбында танымдық сабақ, «Мен оқыған ертегі» кітап оқу челленджі, қысқы демалыс уақытында «Менің сүйікті кітабым» челленджі өтті. «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл толуына орай танымдық сабақ өтті. Қысқы демалыс уақытында 3-5 сыныптар арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» челленджі өтті.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Еріктілер» клубы жоспарына сәйкес оқушылар ауылдық мәдениет үйі және балалар ойын алаңына тазалық жұмыстарын жасады. «Адал ұрпақ» еріктілер мектеп клубының ұйымдастыруымен «Адал азамат-әділетті ұрпақ» тақырыбында бейнеролик жасады. «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

«Қайырымды істер» марафоны Қайырымдылық акциясы аясында «Мейірімсіз ұл» тақырыбында «Кино лайф» ұйымдастырылды. Кино бағасы 100 тенгеден жиналды. Жиналған қаражатқа көпбалалы отбасыдан шыққан мектеп оқушысына оқу-құралдар алынып, қайырымдылық жасалды.

«Әкеге - ізет, анаға – құрмет» тақырыбында тәрбие сағаты, 5-8 сыныптарында «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы бойынша Ақтасты ауыл учаскелік полициясы Сарсенбаев Нұрлыбек Назарұлы «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру қауіпсіздік ережелеріне байланысты түсіндірме жұмысын жүргізді. «Құқық бұзушылыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дүниежүзілік темекі шегуден бас тарту күніне орай салауатты өмір салтын сақтау мақсатында «Біз темекі шегуге қарсымыз» атты акция өтілді. Сонымен қатар 9-11 сыныптарды «Нашақорлық қоғам дерті!» және «Есірткісіз және ЖҚТБ-сыз әлем» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. «Зорлық-зомбылықсыз бабалық шақ» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында -Адал еңбекті құрметтеуге, халқына адал қызмет етуге, білуге, жаңаны тануға құштар болуға, отбасы құндылығын сақтауға, әке нақылын бойға сіңіру мақсатында 6-сыныпта «Әкем айтқан нақыл сөз...», «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында қоғам игілігі үшін қызмет етуге, адал еңбекті құрметтеуге, физикалық белсенді болу мақсатында «Спортпен шыңдаламыз» тақырыбында оқушылар, мұғалімдер және балабақша ұжымының қатысуымен волейбол жарысы өтті. Нәтижесінде: Іорын- 10-сынып оқушылары, Зорын- 8-сынып оқушылары, Зорын- Шамшырақ МДҰ иеленді. «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын» атты 8-11 сыныптар және жас мамандар арасында спорттық волейбол жарысы өтті. Қысқы демалыс уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында оқушылар мен студенттер арасында «Волейбол» жарысы өтті.

«9 айға 9 іс-шара» жобасы аясында Қоғам игілігі үшін қызмет ету, адал еңбекті құрметтеу, физикалық белсенді болу мақсатында «Бес табан», «Бес асық» ұлттық ойын түрінен челлендж өтті.

«Сергіту сәті» челленджі ұйымдастырылды. ҚР Өнұраны шырқалды. Шараға ауылдық әкімдік өкілі, мектеп ұжымы, оқушылар қатысты.

Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» Ке АҚ Ғылыми- әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес Б№63 н/қ 21 қыркүйек күні «Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды. Мектепте «Ата-аналар педагогикалық қолдау» орталық кабинеті бар. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жоспарына сай бастауыш сынып бойынша «Отбасы- бақыт бесігі», «Білімдіге дүние жарық» Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз, «Әрбір бала- жарық жұлдыз», «Баланы жастан...» Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?, «Құмар ойындары- тәуелділік қақпаны», «Сенім арту- жетістік кепілі» қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?, «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер», «Тәлім менен өрілген біздің дәстүр» тақырыптарында сабақтар өтті.

Орта буын бойынша «Баланың бас ұстазы ата-ана» позитивті тәрбие, « Ақыл айтпа, жол көрсет» жасөспірімнің бейімделуі, «Балаға үйреуі:ақылынды мейірімге орап бер!» бала жүрегіне жол табу, «Бұлақ көрсең көзін аш» баланың шығармашылық қабілетін дамыту, «Ақпараттан ақ- қараны ажырату өнері», «Әр нәрсенің өшемі бар...», «Қажеттілік пен қалау» арасындағы тепе- теңдікті қалай сақтауға болады, «Жасөспірімдердің қарым-қатынас құпиялары» , «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» «Құндылықтар- отбасы бақытының негізі» тақырыптарында сабақтар өтті.

Жоғары буын бойынша « Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...» , «Көркем мінез- баға жетпес байлық». Эмоционалды интеллект- табысты тұлғаның негізі, «Сен жанбасаң лапылдап...» балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?, «Құмарлыққа бой алдыру- тәуелділік құрдымы», «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...» әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі, «Күйзелістен шығар жол» «Күйзелісті жеңуге көмектесеміз», «Сүйіспеншілік- сыйластық кілті» «Махаббат татулықтың негізі», «Атадан өсиет, анадан қасиет» тақырыптарында сабақтар өтті.

«Даналық мектебі» жобасы аясында Әйтеке би ауданы білім бөлімінің 2023 жылғы 23 қазан №05-20/1865 хаты негізінде «Инабат» қыздар клубы қыздарына «Қыз тәрбиесі- ұлт тәрбиесі» тақырыбында ағалар, жеңгелер сабағы өтті, 9-11 сынып қыздарының арасында дөңгелек үстел өтті.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында мектеп ата-ана арасындағы байланысты нығайтып, ата- ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, үштік одақты нығайту мақсатында ата-аналар кезекшілігі ұйымдастырылды.3 қараша күні жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» және «Адал ұрпақ» клубтары құрылып, оқушыларға таныстырылды. «Сыбайлас жемқорлық деген не?» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты тәрбилік шаралар ұйымдастырылды. «Сыбайлас жемқорлық – ғасыр дерті», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында адалдық сағаты өтті. «Қатігездік пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны барысында «Зорлық зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Әйтеке би ауданының білім бөлімінің 2023жылғы 09 қазан №05-20/1732 хаты негізінде газбен улану және өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Өрт қаупінен сақтан!»,«Өрт-тілсіз жау» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Жоспарға сай газдан улану, өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Терроризм- қоғамға қауіп төндіреді» тақырыбында адамдарды эвакуациялау және антитеррорлық оқу- жаттығуы жүргізілді.

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, азаматтық- патриоттық,көркем-эстетикалық,еңбек және дене тәрбиесі бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте азаматтық-патриоттық,ұлттық- спорттық, көркемдік-эстетикалық, дебаттық үйірмелер жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген.Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны	%	Барлық (мектепте, мектептен тыс) үйірмелерге қатысатын оқушылар саны	%
--------	---	---	---	---	--	---

2021-2022	60	80%			
2022-2023	57	75%			
2023-2024	59	85,5 %	24	34,7 %	

2021-2022 оқу жылы бойынша 2021 жылғы 02 қыркүйек күнгі мектеп директорының үйірме жетекшілерін тағайындау туралы №21 (а) ж/қ бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге жүктеме берілген :

- 1.1. Сутемгенов Г.С. - «Шахмат»
- 1.2. Құлдықов Е.Е. - «Қазақ күресі»
- 1.3. Сеитов Е.Г. - «Волейбол»
- 1.4. Сұлтан Т.А. - «Тоғызқұмалақ»
- 1.5. Әмітжан С.А. - «Теннис»

2022-2023 оқу жылы бойынша 2021 жылғы 02 қыркүйек күнгі мектеп директорының үйірме жетекшілерін тағайындау туралы №44 (а) н/қ бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге жүктеме берілген.

- 1.1. Сутемгенов Г.С. - «Шахмат»
- 1.2. Құлдықов Е.Е. - «Қазақ күресі»
- 1.3. Сеитов Е.Г. - «Волейбол»
- 1.4. Сұлтан Т.А. - «Тоғызқұмалақ»
- 1.5. Әмітжан С.А. - «Теннис»

2023-2024 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелеген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік-педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге жүктеме берілген.

- 1.1. Сутемгенов Г.С. - «Шахмат»
- 1.2. Құлдықов Е.Е. - «Қазақ күресі»
- 1.3. Сұлтан Т.А. - «Тоғызқұмалақ»
- 1.4. Әмітжан С.А. - «Теннис»

2021-2022оқу жылы бойынша мектепте 27-28 қараша күндері ҚР Тәуелсіздігінің 30жылдығына және Қ.Мұңайтпасұлының 150жылдығына орай қазақ күресінен аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен турнир өтті. «Шахмат» үйірмесінен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Болашаққа бағдар» Р.Қалиев атындағы аудандық оқушылар арасында шахмат турнирінен 7 кл оқушысы Болатқызы Дана Зорын иеленді, сонымен қатар Баязит Құдайбергенұлы атында өткізілген аудандық шахмат турнирінде «Үздік» қабілетімен көзге түсіп 15 мың ақшалай сыйлыққа ие болды. Жетекшісі Т.Сұлтан. Қазақ күресі үйірмесі бойынша Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Қ.Мұңайтпасұлының 150 жылдығына орай ұйымдастырылған аудандық күресте 4кл оқушысы Мақсотов Бекарыс 3 орын, 7кл оқушысы Марат Ринат «Ең үздік тәсіл» номинациясын иеленді. Жетекшісі Е.Құлдықов. Әйтеке би аудандық

мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімі мен Әйтеке би балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 30жылдығына және Қ.Мұңайтпасұлының 150жылдығына арналған волейболдан «Ақтасты» командасы Зорын. Жетекшісі С.Әмітжан.

Сабақтан тыс өткізілетін қосымша үйірмелерге қатысым:

Дебат-15 бала, Балалар және театр-20 бала, Шахмат-8 бала, Волейбол ер балалар- 17бала, Волейбол қыз балалар- 25, Қазақ күресі- 10 бала, Тоғызқұмалақ- 10 бала, Теннис-12 бала. Мектепшілік тәрбие бағытындағы үйірмеге қатысым: -59 бала-85,5%, қосымша білім алушылардың мектептен тыс үйірмелермен қамтылуы: -24 бала -34,7%

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері:

Үйірмелер, секция, клубтар	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Спорттық	9	2		-
Шығармашылық байқаулар	4	1	1	1
Дебат	-	-	-	-
«Жас сарбаз- мерген»әскери патриоттық клубы	7		-	-
БАРЛЫҒЫ	20	3	1	1

«2021 – 2024 жылдардағы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, олардың бос уақытын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 1-өкіміне сәйкес 2021-2022 оқу жылы бойынша «Балдәурен» жазғы мектеп лагерінде- 30 бала демалса, «Әсем» лагеріне 1 балаға жолдама беріліп, жазғы мектепке 33 білім алушы қатысқан. Мектеп жанындағы күндізгі демалыс лагері 2022-2023 оқу жылында ата-аналар есебінен ұйымдастырылып, балалар ыстық тамақпен қамтылған. Күндізгі мектеп жанындағы лагерьде барлығы- 25 білім алушы, қала сыртындағы лагерьде 2 білім алушы- Алға ауданындағы «Күншуақ» лагерінде, атаулы әлеуметтік көмек алатын және аз қамтылған отбасынан 2-білім алушы, көп балалы отбасынан 2 білім алушы Ақтөбе қаласындағы «Шұғыла» лагерьде дем алған. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының өлкетану бағыты бойынша Бурабай демалыс орнына 1 білім алушы, 2023-2024 оқу жылында мектеп жанындағы күндізгі демалыс лагерінде барлығы -25 білім алушы, -1 бала қала сыртындағы лагерьінде дем алған.

білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

Зерделеу нәтижесі бойынша: 2021-2022 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 11-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағытты таңдаған. Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған.

2021-2022 оқу жылында Тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндерді таңдауда 11-сыныпта оқушылар таңдаған пәндері бойынша оқыған. 2021-2022 оқу жылында 11-сыныптарда білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, Тереңдетілген деңгей (физика, химия, биология, география) мен Стандарттық деңгейден (дүние жүзі тарихы, кәсіпкерлік және бизнес негіздері) таңдау пәндері жүргізілген. Білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп (тереңдетілген: география, биология, стандарттық:құқық негіздері) бейінді оқыту іске асырылған.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін 11-сыныпта вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен "Тіршілік химиясы" курсы оқушылардың химиялық элемент, химиялық реакция, химиялық өндіріс негізіне кіретін заттар туралы білім ұғымдарын практикада қолдану мақсатында және «Жылулық құбылыстары» курсы физикадан математикалық амалдарды есептеу жұмыстарында сапалы қолдануға, есептерді әдіс-тәсіліне, деңгейіне байланысты шығаруға дағдыларын қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылады.

"Генетикалық анализ негіздері" курсы жалпы биологияны оқытуды генетика саласынан оқушылардың білімін тереңдету, геном және қоршаған орта мәселесі арқылы экологиялық генетика мен адам генетикасының көкейкесті бағыттарына назар аударту мақсатында аптасына 1 сағаттан

оқытылады.

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі

Оқу жылдары	Үйде жеке тегін оқытылған оқушылар саны			Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны			Барлығы
	1-4кл	5-9кл	10-11кл	1-4кл	5-9кл	10-11кл	
2021-2022 оқу жылы	0	0	0	0	0	0	0
2022-2023 оқу жылы	0	0	0	0	0	0	0
2023-2024 оқу жылы	0	0	0	0	0	0	0

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың болмауына байланысты жұмыс оқу жоспарларында оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген жоқ.

Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру.

Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын, үйде жеке тегін оқытуды қажет ететін білім алушылар тіркелген жоқ.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары

Инклюзивтік білім беруді қажет ететін білім алушы тіркелген жоқ.

2023-2024 оқу жылының екінші жартыжылдығында ПМК қорытындысы бойынша 1 оқушыға анықтама берілді. анықтама негізінде оқушыға жеңіл тапсырмалар берілген. КТЖ бойынша құрылған күнделікті сабақ жоспарында оқушыға жеке берілетін тапсырма көрсетілген.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

Зерделеу нәтижесі бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2020-2021 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде ҚР БҒМ 2012жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 21 тамыздағы №415 бұйрығына 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 6-қосымша 5-9 кластар үшін; 31- қосымша 10класс үшін; ҚР БҒМ 2012жылғы 8-қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрығына 1-қосымша 11 класс үшін; Мектеп оқушыларына жаңартылған мазмұнның оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған.

1-2сыныптарда: 2-сыныпта мектеп компоненттен оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай функционалдық сауаттылықтарын дамыту, ойлау жазу икемділіктері мен дағдыларын арттыру үшін арналған «Тіл дамыту» аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

3-4 кластарында: 3 сыныпта вариативтік компоненттің таңдау бөлімінен білім алушыларға ақыл көркі сөз деген ұғымды қалыптастыру, сөз саралау және шығармашылықты дамыту мақсатында «Орамды сөз-ой көркі» курсы аптасына 1 сағаттан жүргізіледі. 4 сыныпта «Грамматикалық сауаттылық» білім алушыларға оқушылардың ақыл-ойын, шапшаң ойлау дағдыларын жетілдіру мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылған.

Негізгі орта білім берудің (5-6 кластар) оқу бағдарламалары білім алушылардың 21 ғасыр

дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы жүргізілді.

Элективті курстар. Оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен 6 сыныпта математика пәнінің логикалық ойлауын, жылдам есептеу дағдысын қалыптастыру үшін «Математикалық логика» 1 сағаттан элективті курстар жүргізіледі.

Негізгі орта білім берудің (7-9 кластар) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады. 7-9 кластардың оқу жоспарының вариативті бөлігін жасауда «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы оқытылған.

Элективті курстар негізінен 7 сыныпта зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Физика әлемінде» курсы 1 сағаттан, 8 сыныпта Қадыр туындыларын оқыту арқылы әдеби эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында «Қазақ жырының Қадыры» курсы аптасына 1 сағат жүргізілген. Сонымен қатар, ҚР БҒМ 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізінде вариативті компоненттен 9 сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы 1 сағат апталық жүктемемен жүргізілген.

Мазмұнды есептерді шешуде оқушылардың білімдерін жалпылау және жүйелеу мақсатында 9 сыныпта «Мазмұнды есептерді шығару» курсы аптасына 1 сағат жүргізілген.

Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны. Жалпы орта білім беру деңгейі (10сынып) Жаратылыстану –математикалық бағыты.

Жалпы орта білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейімдеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз етеді. 10 сыныптағы білім алушылар ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 100-қосымша өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығына 31-қосымша «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» таңдалып, «Жаһандық құзыреттілік» курсынан аптасына 1 сағат «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқытылады. Элективті курстар негізінен оқушылардың ақын шығармасын тануға тәрбиелеу мақсатында аптасына 1 сағат «Шәкәрімтану» курсы, грамматика, оның зерттеу объектісі, өзіндік ізденіс дағдыларын қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағат «Лингвистика» курсы, оқушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау, жетілдіру мақсатында аптасына 1 сағат «Далалық оқу жиыны» курсы оқытылды.

Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны негізінде, жалпы орта білім беру деңгейі (11сынып) Жаратылыстану –математика бағыты.

11 сыныптағы білім алушылардың 10 кластағы таңдауы бойынша және нақты мамандануға, олардың болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақ мамандықтарына байланысты стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерінің оқытылуын жалғастыру мақсатында таңдау бөлімінен «География», «Биология» пәндерді аптасына 4 сағаттан тереңдету мақсатында оқыту жүргізіліп, «Құқық негіздер» стандартты деңгейдегі пәндер аптасына 2 сағаттан оқытылған.

11 сыныпта жеке және топтық сабақтар есебінен 1 сағат «Абайтану» курсы жүргізіледі. Оқушылардың бейімділігі мен қабілеттілігіне сәйкес, жаратылыстану пәндерін кеңейте оқыту үшін «Тіршілік химиясы» 1 сағат, «Генетикалық анализ негіздері» 1 сағат оқытылады, физика заңдылықтарын қолдана отырып, күрделі есептерді оңай шығару тәсілдерін үйрету мақсатында «Жылулық құбылыстары» курсы аптасына 1сағат, «Робототехника» 1 сағат оқытылған.

Оқушыларға ойнау деңгейлерін жетілдіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Үстел теннисі» 1 сағат оқытылған. 11 кластың білім алушыларына стандартты деңгейлегі «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні аптасына 1 сағат оқытылған

Оқушылардың жүктемесін шектен тыс асырмау мақсатында оқу жоспарының вариативтік бөлігі арқылы жұмыс күнінің екінші жартысында өткізілген.

2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 1-қосымша 1-4 кластар үшін; 6-қосымша 5-9 кластар үшін; 28-қосымша 10-11 кластар үшін жаңартылған оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің

келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҰОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

1-2 сыныптарда: Вариативтік компоненттен, математика пәнінің логикалық ойлауын, жылдам есептеу дағдысын қалыптастыру үшін 1 сыныпта *«Ғажайып математика»* аптасына 1 сағаттан, 2 сыныпта *«Математика және логика»* аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

3, 4 сыныптарында вариативтік компоненттен, білім алушылардың шахмат ойнау арқылы логикалық ойлауын дамыту, маңызды жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру үшін *«Шахмат әлемі»* аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

Негізгі орта білім берудің (5-9сынып) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерінің бастапқы білімін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне бағытталған.

Вариативтік компоненттен 5, 7-8 сыныпқа жаһандық азаматтық құзыреттерге ие, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында *«Жаһандық құзыреттілік»* аптасына 0,5 сағаттан жүргізілген.

9 сыныптарында вариативтік компонент бойынша *«Жаһандық құзыреттілік»* (Зайырлылық және дінтану негіздері) аптасына 1 сағат оқытылады.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша вариативтік компоненттен 10-11 сыныптарға *«Жаһандық құзыреттілік»* (Зайырлылық және дінтану негіздері) аптасына 1 сағат оқытылады. Элективті курстар бойынша 10 сыныптарға физикадан математикалық амалдарды есептеу жұмыстарында сапалы қолдануға, есептерді әдіс-тәсіліне, деңгейіне байланысты шығаруға дағдыларын қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағаттан *«Физика ғылымының жетістіктері»* және аптасына 1 сағаттан *«Физикадан күрделілігі жоғары есептерді шешу жолдары»* курсы оқытылады.

11 сыныптарға элективті курстар есебінен білім алушыларды еліміздегі туристік нысандарды дамытуға ат салысу, мамандық таңдауға тәрбиелеу мақсатында *«Туризм географиясы»* аптасына 1 сағаттан, математикалық логикалық есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру, оқушының ойын арқылы математикаға қызығушылығын арттыру мақсатында *«Тоғызқұмалақ»* курсы аптасын 1 сағат оқытылады.

2023-2024 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2023 ж 18.08. №264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) *1-қосымша 1-4* кластар үшін; ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 12.08. №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) *6-қосымша 5-9* кластар үшін; ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) *39-қосымша 10-11* кластар үшін жаңартылған оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҰОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары мен факультативтік курстар жүргізілген.

1 сыныптарда: Вариативтік компоненттен, математика пәнінің логикалық ойлауын, жылдам есептеу дағдысын қалыптастыру үшін 1 сыныпта *«Математика және логика»* аптасына 1 сағаттан, *«Шахмат әлемі»* аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

3, 4 сыныптарында вариативтік компоненттен, білім алушылардың шахмат ойнау арқылы логикалық ойлауын дамыту, маңызды жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру үшін *«Шахмат әлемі»* аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

Негізгі орта білім берудің (5-9сынып) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерінің бастапқы білімін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне бағытталған.

Вариативтік компоненттен 5,6,8 сыныптарға жаһандық азаматтық құзыреттерге ие, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында *«Жаһандық құзыреттілік»* аптасына 0,5 сағаттан жүргізілген.

9 сыныптарында вариативтік компонент бойынша *«Жаһандық құзыреттілік»* (Зайырлылық және дінтану негіздері) аптасына 1 сағат оқытылады.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша вариативтік компоненттен 10-11 сыныптарға *«Жаһандық құзыреттілік»* (Зайырлылық және дінтану негіздері) аптасына 1 сағат оқытылады. Элективті курстар бойынша 10 сыныптарға физикадан математикалық амалдарды есептеу жұмыстарында сапалы қолдануға, есептерді әдіс-тәсіліне, деңгейіне байланысты шығаруға

дағдыларын қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағаттан "Физика ғылымының жетістіктері" және табиғаттың химиялық заңдары жөніндегі химиялық білімді қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағаттан «Тапсырмалар мен есептердегі химия» курсы оқытылады.

11 сыныптарға элективті курстар есебінен білім алушылардың физикадан математикалық амалдарды есептеу жұмыстарында сапалы қолдануға, есептерді әдіс-тәсіліне, деңгейіне байланысты шығаруға дағдыларын қалыптастыру мақсатында "Физикада күрделі және жүйелі есептерді шешу жолдары" курсы аптасына 1 сағаттан, ғылым мен техниканы байланыстыру арқылы, табиғи, техникалық ғажаптармен таныстыру арқылы кәсіби бағдар беру мақсатында «Нанотехнология жетістіктері» курсы аптасын 1 сағат оқытылады.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын оқу;

Зерделеу барысында: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша 2-тарау 25-тармақшасы 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде; жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

3-қосымша 4- тарау 56-тармақшасы "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

4-қосымша 4- тарау 50-тармақшасы және Әдістемелік нұсқау хатта «Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен, 11-сыныпта 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Мектеп бойынша "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсын жүргізу кезінде жылдық оқу жүктемелері орындалған. 1-3 сыныптарда 6 сағат, 4 сыныптарда 10 сағат, 5-9 сыныптарда 15 сағат, 10-сыныптарда 12 сағат және 11-сыныптарда 16 сағат өткізілген.

Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдың «Балалардың жол ережелерін сақтамаудан жарақаттанудың алдын алу туралы» жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. Аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы №214314 хатына сәйкес облыс әкімі Е.Тоғжановтың ҚР Үкімет отырысынан кейін берген хаттамалық тапсырмасына орай жол ережелерін түсіндіру және экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында сыныптарда «Жол тәртібін сақтайық» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», «Жол жүру ережелерін білеміз бе?», «Біздің қала, аудан», «Жол жүру ережелері» сынып сағаттары, «Назар аударыңыз, балалар!» акциясы бойынша Әйтеке би аудан ПБ ЖПҚБ УПИ полиция аға лейтенанты Н.Н.Сәрсенбаев өзіне бекітілген әкімшілік аумақтағы УПИ полиция майоры Д.Әбдірахманмен кездесу өтті. 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып жазылған. 2022-2023 оқу жылында «Жол қауіпсіздігі», "Жолда жүру ережесін біл және құрметте" тақырыптарында ақпараттық сағаттары өтті. Әйтеке би ауданының білім бөлімінің 2023 жылғы 13 қараша №05-20/2051 хатына сәйкес 13-19 қараша күндері «Жол жүрісі қауіпсіздігі апталығы» жоспарына сай 3-сыныпта «Жол ережесін білейік» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Өткізген: Асылбекқызы Тұмар. 4 сыныпта «Жол ережесін сақтайық» тәрбие сағаты өтті. Өткізген: Ибрагимова Майра. "Қай жерлерден өтуге болады?" тақырыбында сынып сағаты өтті. 2023-2024 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жылдық жоспары аясында ақпан айының 5-29 аралығында өткізіліп жатырған Республикалық «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық, іс-шарасы негізінде сонымен қатар «Сіздің жолаушыңыз бала» атты акция аясында Әйтеке би аудан ПБ ЖПҚБ УПИ полиция аға лейтенанты Н.Н.Сәрсенбаев өзіне бекітілген әкімшілік аумақтағы УПИ полиция майоры Д.Әбдірахманмен бірге Ақтасты ЖОББ мектебінің 2-6 сынып оқушыларына жол қауіпсіздігі, жолдан өту кезінде сақтық шаралары бойынша түсіндірме жүргізіп, жол белгілерін таныстырып, көрсетті. 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері » оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар бастауыш сыныптарда сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып , 5-8 сыныптарда электронды журналдың ҚББ жазылған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы; Зерделеу барысында:

2021-2022 оқу жылында 312,5 сағат, Жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкес.

2021-2022 оқу жылында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 1-сыныпта 22,5 сағат, 2-сыныпта 24 сағат, 3-4 сыныптарда 27 сағаттан барлығы 100,5 сағат

Негізгі орта білім беруде 6-сыныпта – 31 сағат, 7-сыныпта – 34сағат, 8-сыныпта– 35сағат, 9-сыныпта-36 барлығы 6-9 сыныптарда 136 сағат

Жалпы орта білім беруде 10сыныпта 37 сағат, 11 сыныпта 39 сағаттан аспайды. Барлығы 10-11 сыныпта 76 сағат. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2022-2023 оқу жылында 289 сағат апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 1-сыныпта-19,5, 2-сыныпта – 24, 3 және 4-сыныптарда -26 сағаттан, барлығы – 95,5 сағатты құрап отыр. Негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 25,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9- сыныпта-34, барлығы – 123,5 сағатты құрап отыр. Жалпы орта білім беруде 10-11 сыныптарда 35 сағаттан аспайды. барлығы – 70 сағатты құрап отыр. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылын зерделеу барысында жалпы 269,5 сағат. Апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 2-сыныпта – 24, 3 және 4-сыныптарда -26 сағаттан, барлығы – 76 сағатты құрап отыр.

Негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 8-сыныпта–32,5 сағаттан, 9- сыныпта-34, барлығы – 123,5 сағатты құрап отыр. Жалпы орта білім беруде 10-11 сыныптарда 35 сағаттан аспайды. барлығы – 70 сағатты құрап отыр. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына сәйкес, инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

Электронды журналдарды тексеру барысында, оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестесінде пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Барлығы типтік үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған.

2021-2022 оқу жылы бойынша

1-сыныпта – апталық 22,5 сағат, жылдық 742,5 сағат, 2-сыныпта – апталық 23 сағат, жылдық 782сағат, 3-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат, 4-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат берілген.

6-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 986 сағат, 7-сыныпта – апталық 32 сағат, жылдық 1088 сағат, 8-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағат, 9-сыныпта – апталық 34 сағат, жылдық 1156 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. 10-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағатты, 11-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - жоқ, 2 сыныпта апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 1 сағаттан, жылдық – 68 сағат берілген.

6-сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 34сағат, 7- сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 8-сыныпта апталық -1 сағат, жылдық-34сағат, 9-сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 34сағат, 10 сыныпта апталық – 4 сағат, жылдық-136сағат, 11-сыныпта апталық – 4 сағат, жылдық – 136сағатты құрайды.

2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта

білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

1-сыныпта – апталық 18,5 сағат, жылдық 629 сағат, 2-сыныпта – апталық 23 сағат, жылдық 805 сағат, 3-сыныпта – апталық 25сағат, жылдық 875 сағат, 4-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 875 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 980 сағат, 7-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1085 сағат, 8-сыныпта – апталық 32 сағат, жылдық 1120 сағат, 9-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1155 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 32 сағат, жылдық - 1120 сағатты, 11-сыныпта – апталық 32сағат, жылдық - 1120 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 2 сыныпта апталық 1 сағат, жылдық – 35сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 1 сағаттан, жылдық – 72 сағат берілген.

5- сыныпта – апталық 0,5сағат, жылдық – 17,5сағат, 7- сыныпта апталық – 0,5 сағат, жылдық – 17,5 сағат, 8-сыныпта апталық -0,5 сағат, жылдық-17,5 сағат, 9-сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 35 сағат, 10 сыныпта апталық – 3 сағат, жылдық-105 сағат, 11-сыныпта апталық – 3 сағат, жылдық – 105сағатты құрайды.

2023 -2024 оқу жылы

2022-2023 оқу жылы бойынша 2-сыныпта – апталық 22 сағат, жылдық 748 сағат, 3-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 850 сағат, 4-сыныпта – апталық 25 сағат, жылдық 850 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 6-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 8-сыныпта – апталық 32сағат, жылдық 1088 сағат, 9-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 32 сағат, жылдық - 1088 сағатты, 11-сыныпта – апталық 32 сағат, жылдық - 1088 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 2 сыныпта апталық 2 сағат, жылдық – 68 сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 1 сағаттан, жылдық – 68 сағат берілген.

5- сыныпта – апталық 0,5 сағат, жылдық – 17 сағат, 6-сыныпта апталық – 0,5 сағат, жылдық – 17сағат, 8-сыныпта апталық -0,5 сағат, жылдық-17 сағат, 9-сыныпта апталық – 1 сағат, жылдық – 34 сағат, 10 және 11 сыныптарда апталық – 3сағаттан, жылдық-102 сағатты құрайды

Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген.

сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Мектепте білім алушылар саны 20-ға жетпейді. Сыныпты екі топқа бөлу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде жүргізіледі.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары сыныптарды топқа бөлу жүргізілген жоқ.

Аталған құжаттың 2-қосымшасына сәйкес

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 1-параграфы, 42-тармағы бойынша оқушылар саны ауылдық жерде 20-ға жетпегендіктен орыс тілі, ағылшын тілі, цифрлық сауаттылық, өзін-өзі тану пәндері бойынша 1-4 сыныптарда сыныпты екі топқа бөлу жүргізілген жоқ.

Негізгі орта білім беру бойынша:

Аталған құжаттың 3-қосымшасына сәйкес Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 1-параграфы, 57-тармағы бойынша оқушылар саны 20-ға жетпегендіктен орыс тілі, ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика пәні, дене шынықтыру пәндері бойынша сыныпты екі топқа бөлу жүргізілген жоқ.

Жалпы орта білім беру бойынша:

Аталған құжаттың 4-қосымшасына сәйкес Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 1-параграфы, 51-тармағы бойынша оқушылар саны 20-ға жетпегендіктен орыс тілі, ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика пәні, дене шынықтыру

пәндері бойынша сыныпты екі топқа бөлу жүргізілген жоқ.
2020-2021 оқу жылы шектеу шаралары кезінде карантинге байланысты барлық оқу пәндері бойынша сыныпта 15 білім алушыға жетпегендіктен сыныпты топтарға бөлу жүргізілген жоқ. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары тіркелген жоқ.

4. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Педагогикалық кеңесте қаралған. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1- класқа қабылдау, 10- класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған. Оқу жылының аяғында 9 класс, 11 класс түлектеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырған.

Аталған оқу жылдарында мектепке бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық оқу жылының 25 тамызынан кейін шығарылған, ал 10 сыныптарға қабылданған білім алушылардың ата-аналарының өтініштері негізінде 15 тамызға дейін бұйрық шығарылып, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары” негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары жинақталған.

2021-2022 оқу жылының басында 73 оқушы. 1-сыныпқа 9 оқушы, 10-сыныпқа 9 оқушы қабылданған. 9 кластан 4 оқушы, 11 кластан 6 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған. Жыл аяғында 75 оқушы.

2022-2023 оқу жылының басында 79 оқушы. 1-сыныпқа 9 оқушы, 10-сыныпқа 3 оқушы қабылданған. 9 кластан 12 оқушы, 11 кластан 9 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған. Жыл аяғында 76 оқушы

2023-2024 оқу жылының басында 69 оқушы. 1- сыныпқа 0 оқушы, 10- сыныпқа 12 оқушы қабылданған. 9 кластан 8 оқушы, 11 кластан 3 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған. Жыл аяғында 69 оқушы.

Мектептен құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған.

Педагогикалық кеңесте (оқу жылындағы хаттама №1, хаттама №5,6 шешімдері) қаралып, шешімі шығарылып отырған.

сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2023-2024 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген «bilim.class» электронды журналдарын тексеру арқылы зерделенді. Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген.

2020-2021 оқу жылы:

2020 -2021 оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда - 34 оқу аптасын құрайды. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады. 2020-2021 оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында).

2020-2021 оқу жылы бойынша электронды журналда мерекелік күндерге түскен Мерекелік күндер: 1 желтоқсан, 16-17 желтоқсан, 8 наурыз, 1 мамыр, 3 мамыр, 7 мамыр, 9-10 мамыр.

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

1) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы;
2) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 сыныптарда: күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда); 8 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда).

2021-2022 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.

2022-2023 оқу жылы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022–2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 363 бұйрығы негізінде:

- оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)- сыныптарда – 36 оқу аптасы;
